

Ж.Ә. Абдрахманова<sup>1\*</sup> , Г.Б. Шойбекова<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: zhaz\_abd@mail.ru

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МАҚТАУ-МАРАПАТТАУ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

Мақалада мақтау-марапаттау тілдік бірліктері мен олардың прагматикасын, функциясына байланысты жіктелімдері жалпылай қарастырылады. Бағалау тілдік бірліктерінің семантикалық тарамдалуы туралы сөз болады. Кез келген тілдегі мақтау-марапаттау тілдік бірліктерінің мәні коммуникацияда ашылатындығы көрсетіледі. Сонымен қатар қолданыс аясына байланысты стильдік ерекшелігін, тұлғалық құрылымы жағынан грамматикалық сипатын, адамға қатысты айтылып, адам қалыптастыратындықтан антропоэектілігін, түпкі стратегияның орындалуы жағынан прагматикалылығын және т.б. бағыттарын зерттей алу мүмкіндігі бар екендігі, соған сәйкес өзектілігі бағамдалады.

Мақтау-марапаттау тілдік бірліктері – бағалау тілдік бірліктері деген үлкен категорияның бір бөлшегі. Соңдықтан олар әлеуметтік сипатқа, мәнге ие болады. Әлеуметтік сипаты мәтін ішіндегі контексте сәйкес прагматикасын анықтауға көмектеседі. Сыпайы мәнде жұмсалатындығы негізгі мағынасынан туындаса, белгілі бір жағдаятқа сәйкес кекету, мұқату мәндерін де айқындауға болады.

Семантикалық сипатына қарай 1) жағымды, жағымсыз мәндегі; 2) грамматикалық сипатына байланысты зат есім, сын есім, сан есім, үстеу, етістік, одағай сөздер арқылы берілетін; 3) прагматикалық сипатына орай тура және ауыс мәнде қолданылатын; стильдік қолданысы тұрғысынан барлық стиль түрлерінде кездесетін мақтау-марапаттау тілдік бірліктері бар екендігін көруімізге болады.

Мақалада мақтау-марапаттау тілдік бірліктерін жинақтап, сөздік құрастыру қажет екендігі айтылады.

**Түйін сөздер:** бағалаушылық лексика, мақтау-марапаттау сөздері, мағына, таным, образды лексика.

Zh.A. Abdrahmanova<sup>1\*</sup>, G.B. Shoibekova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: zhaz\_abd@mail.ru

### Directions of the study of commendable linguistic units in the Kazakh language

In the article, the object of linguistic research is commendable and rewarding linguistic units, their pragmatic and functional aspects are generally considered. Semantic branching of evaluative linguistic units is the main topic of this article. The author points out that the meaning of commendable linguistic units in any language is best revealed in communicative communication. Depending on the scope of their application, it is necessary to highlight the stylistic specifics, the grammatical design of these units in relation to the individual characteristics of the personality, their orientation relative to the respondent, anthropo-relevance that forms the personality of a person. The article also examines the pragmatism of these units in terms of the implementation of the final strategy and other areas of research, which accordingly determines the relevance of the topic.

Commendation linguistic units are an integral part of the entire category of linguistic assessment units. They have a socially oriented feature, acquire a social and communicative meaning. The social nature of these units contributes and helps to define their pragmatics in accordance with the context within the text. If the main meaning of these units arises from polite use, under other circumstances, the meanings of irony, ridicule, and humiliation can also be revealed.

Depending on the semantic meaning, the following types of commendable linguistic units can be distinguished: 1) positive or negative meaning; 2) depending on the grammatical meaning – transmitted through adjectives, numbers, adverbs, adverbs, verbs, conjunctions; 3) relatively pragmatic meaning – used in direct and figurative meaning; in terms of stylistic separation, they are used in all kinds of styles.

The article also points out the need to summarize commendable linguistic units and compile a separate dictionary.

**Key words:** evaluative vocabulary, commendable and rewarding vocabulary, meaning, cognition, figurative vocabulary.

Ж.А. Абдрахманова<sup>1</sup>, Ғ.Б. Шойбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: zhaz\_abd@mail.ru

### Направления изучения похвально-наградных языковых единиц в казахском языке

В статье объектом лингвистического исследования являются похвально-наградные языковые единицы, обобщенно рассматриваются их прагматические и функциональные аспекты. Семантическая разветвленность оценочных языковых единиц является главной темой данной статьи. Авторами указывается, что значение похвально-наградных языковых единиц в любом языке лучшим образом раскрывается в коммуникативном общении. В зависимости от сферы их применения следует выделить стилевую специфику, грамматическое оформление данных единиц относительно индивидуальной характеристики личности, их направленность относительно респондента, антропоактуальность, формирующие личность человека. В статье также рассматривается прагматичность указанных единиц в плане реализации конечной стратегии и других направлений исследований, что соответственно определяет актуальность темы.

Похвально-наградные языковые единицы являются составной частью всей категории оценочных языковых единиц. Они обладают социально направленным признаком, приобретают социально-коммуникативный смысл. Социальный характер данных единиц способствует и помогает определить их прагматику в соответствии с контекстом внутри текста. Если основное значение указанных единиц зарождается при вежливом использовании, при других обстоятельствах можно выявить и значения иронии, насмешки, унижения.

В зависимости от семантического значения можно выделить следующие виды похвально-наградных языковых единиц: 1) положительного либо отрицательного значения; 2) в зависимости от грамматического значения – передающиеся через прилагательные, числительные, наречия, наречия, глаголы, союзы; 3) относительно прагматического значения – употребляемые в прямом и переносном значениях; с точки зрения стилистического разделения они используются во всех видах стилей.

В статье также указывается на необходимость обобщить похвально-наградные языковые единицы и составить отдельный словарь.

**Ключевые слова:** оценочная лексика, похвально-наградная лексика, смысл, познание, образная лексика.

### Кіріспе

Адамзаттың айналасын қоршаған затқа, құбылысқа, оқиғаға, фактілерге, жалпы әртүрлі жағдаяттарға байланысты көзқарастары бағалау деп аталады. Бағалау адамзат қоғамында қалыптасқан критерийлер бойынша жіктеледі. Десек те, адамның түрлі қабылдаулары арқылы бағалау туралы ұғым-түсініктері әртүрлі болады. Сондай-ақ адамның сөйлеу сәтіндегі күйі, өзіне және басқаларға қоятын талаптары т.б. түрліше бағалауға себеп болады. Қазіргі лингвистикалық еңбектерде сөз мағынасын зерттеудің семасиологиялық, лингвистикалық, функционалды-коммуникативтік, прагматикалық, когнитивтік, текстологиялық, типологиялық, жүйелі-деңгейлік (бағалаудың тілдің түрлі деңгейлерінде көрінуі), лексикографиялық ас-

пектілері тұрғысынан қарастыру бағыттары бар. Осыған сәйкес бағалау мәнді тілдік бірліктерді, тақырыбымызға сәйкес мақтау-марапаттау сөздерін дәл осы аспектілер негізінде қарастыруға болады. Әрбір аспектіні зерттеу – тақырыптың ашылуына ықпал етеді. Мақаламызды қазақ тіліндегі мақтау-марапаттау тілдік бірліктерін антропоөзектілік, прагматикалық, грамматикалық, стилистикалық бағытта зерттеуге болатындығын көрсетеміз.

Тіліміздегі бағалауыш лексиканы жинап, жүйелеп қарастырған еңбектер аз. Толыққанды зерттеу нысанына айналмаған. Әрине, мақтау-марапаттау тілдік бірліктері қай тілде де бар болғанымен, олар бүгінге дейін арнайы сөзтізбеге еніп, сөздік түрінде жарық көрмеген екен. Бұл бағалау тілдік бірліктерін зерделеудің, жинақтаудың өзектілігін айқындайды. Осы

мақала үлкен зерттеудің жалпы нобайын жинақтап көрсетеді.

### Материалдар мен әдістер

Бағалауды зерттеудің антропоэектілік бағыты А.А. Залевская, Н.О. Золотова және т.б. бірқатар психолінгвистердің назарын аударды. Олар бағалауды психолінгвистикалық көзқарас тұрғысынан зерттеді.

Сонымен қатар баға сөйлеушінің жеке талғамын, пікірін де білдіреді, ой-өрісін, дүниетанымын көрсетеді. Сондықтан да баға адамның ойлауымен, ақыл-ойымен, психикасымен, талғамымен байланысты болады. Осы жерде Н.Д. Арутюнованың берген анықтамасына тоқтала кетейік: «Оценка относится к числу собственно человеческих категорий. Она задана физической и психической природой человека, его бытием и чувствованием, она задает его мышление и деятельность, отношение к другим людям и предметам действительности, его восприятие искусства» (Арутюнова, 1988: 21).

«Адамнан тыс бағалау жоқ» екені белгілі. Күрделі психологиялық құрылымға ие адамзат қоғаммен байланыста болады. Бұл бағалау категориясын қарастырудың әлеуметтік контексте ие екендігін білдіреді. Бағалаушытық мағынаның әлеуметтік сипатқа ие болуының себебі «адамдардың әлеуметтік ортаның жемісі болуында» деген орынды пікірді М. Оразов айтқан болатын (Оразов, 1991: 113). Адам белгілі бір қоғамдық ортада өмір сүреді, солардың ортасында тәрбиеленеді. Осы қоғамдық орта сол қоғам мүшесінің көзқарасының қалыптасуына, дүниені түсініп өзінше баға беруіне жағдай жасайды. Айналасындағы болып жатқан қоғамдық өзгерістерге, түрлі қарым-қатынастарға баға бергенде осы қалыптасқан көзқарас шешуші қызмет атқарады (Түсіпбекова, 2007: 112-113).

Француз тілінде комплимент сөздер тізбесі берілген сөздіктің жоқ екенін Л. Бордас мынадай пікір арқылы білдіреді: «Наши исследования в области словарных дефиниций данного понятия показали, что существенных различий в определении комплимента разными словарями нет» (Bordas, 1976). Осы пікірді біздің қазақ тіліне де қатысты айтуымызға болады.

Мақтау-марапаттау тілдік бірліктері кез келген тілде бар болғанымен, бүгінге дейін ешбір тілде сөздік түрінде арнайы жарық көрмеген екен. Біздің қазақ тілінде мақтау-марапаттау тілдік бірліктерінің түрлері көп болғанымен, оларды күнделікті өмірде қолдану сирек

кездеседі. Біздің тілімізде үлкендерге қарағанда риясыз қолданылатын мақтау тілдік бірліктеріне балаларға қарата айтылатын сөздер қатары жатады. Үлкендерге қарата айтылатын мақтау сөздер өз кезегінде белгілі бір ерекше құрылымды қажет етеді. «Комплимент – краткое выражение уважения и дружбы, которое мы адресуем собеседнику. Цель комплимента – убедить собеседника в том, что наши сердечные чувства соотносятся с вербальным выражением, с намерением расположить его к себе» (Petit Larousse, 1965).

Француз ғалымы Петит Ларус айтқандай, адресатқа бағытталған құрмет пен достықтың дәнекершісі бола білетін сөздер – мақтау сөздер. Біз адресатқа деген сезімімізді вербалды түрде жеткіземіз. Мысалы, «Ол өзінің ризашылық сезімін көзбен ғана білдіріп қоймай, ыстық ықыласын «сіз мейірімді жансыз» деген сөзбен жеткізді». Міне, осы мысал, Петит Ларустың айтқан пікірін дәлелдей түседі. Мұндай қоданыстар барлық тілдерде бар деп санаймыз. Себебі адамзатқа сезіну мен оны жеткізу жолдары ортақ.

Комплимент сөздердің коммуниканттар арасындағы актінің өз деңгейінде өтуіне ықпал ететін жағдайы да бар. Дегенмен, комплимент сөздер еш риясыз айтылуы керек деп санасақ та, кей жағдайларда коммуникативтік стратегияларды жүзеге асыру үшін қажет тактикалардың бірі ретінде қызмет ететіндігін жасыра алмаймыз. Бұл туралы Петит Ларустың мына пікірі біздің ойымызды қостайды: «Но нужно также учитывать, что есть две опасные крайности в комплименте и нужно уметь придерживаться «золотой середины». Комплимент, прежде всего, должен подчеркивать те качества человека, о которых уместно упоминать в конкретных обстоятельствах, учитывая также сам предмет разговора» деген пікір, әрине, өте дұрыс (Petit Larousse, 1965).

Орыс ғалымы Т.А. Торговкинаның «Мы рассматриваем комплимент с этической точки зрения, т. е. с позиции правильности употребления комплимента в той или иной речевой ситуации. В этой связи комплименту можно противопоставить такие понятия как лесть, насмешка, ирония» дейді (Торговкина, 2002). Жоғарыдағы француз ғалымының айтқан сөзіне Т.А. Торговкинаның «этикалық» тұрғыдан айтылады деуі риясыз көңілден емес, қарым-қатынас мәдениеті тұрғысынан айтылып тұрған сияқты. Әрине, мақтау сөздерді шын көңілден, сондай-ақ қажет деп санаған жағдайда, айту керек деп санаған жағдайда қарым-қатынас мәдениеті

тұрғысынан айтуға болады. Бірақ мақтау сөздердің мағыналық тұрғыдан келемеждеу, иронияға қарсы қойылатыны рас болғанымен, контексте (мәнмәтінде) ғана шынайы мағынасы көрінеді деп санаймыз. Себебі мақтау сөздердің қолданылуы ситуацияға байланысты болса, міндетті түрде мағынасы да соған сәйкес ашылады. Бір жағынан мақтау сөздер сыпайылық мәнін бергенмен, екінші жағынан қажет болған жағдайда дөрекілік те сипатқа ие болып жататын жағдайлары бар.

Мақтау-марапаттау тілдік бірліктерінің прагматикасын осы ойымыздан әрі қарай өрбітуімізге болады. Лингвистикалық прагматика тұрғысынан кез келген тілдік бірлікті, оның мәтін ішіндегі қолданысынан байқауымызға болады. Лингвистикалық прагматика ұғымы, оның зерттелуі жыл өткен сайын зерттеліп, аясы кеңейіп келеді. «Прагматика» термині қазір тілімізде түрлі қырынан зерделеніп, қолданылып келеді (Leech, 1985:6). Шетелдік ғалымдар тіл контексіндегі қолданыстар ретінде қарайды (Parret, 1974: 89-99).

О.С. Ахманова: «Прагматика один из планов или аспектов исследования языка, выделяющий и исследующий единицы языка в их отношении к тому лицу и лицам, которые пользуются языком» деген анықтама береді (Ахманова, 1966: 344). Ғылым терминінің түрліше түсіндірілуін оның көпқырлылығымен байланыстыруға алып келеді. Прагматиканың көпқырлылығы семантика, фразеологиямен сөйлеу әрекетінде байланыстылығымен түсіндіруге болады. Р. Познердің пікірінше, семантика мен прагматиканың арақатынасы сөйлеу тіліндегі сөздің жеке тұрғандағы мағынасы мен оның мәтін ішіндегі қолданысының арақатынасына байланысты ашылуы керек (Pozner, 1980: 198-199).

### Нәтижелер мен талдаулар

Яғни мағына мен узус арасындағы байланыс деп түсіндіруге болады. Демек, «айналайын» деген сөздің негізгі мағынасы айналу, өзі жақсы көрген затты (нәрсені) айналшықтап шықпау мәні негізгі лексикалық мағынасы болса, оның прагматикасы осы негізгі мәнінен туындайды. Демек, осы «айналайын» сөзін қолдану арқылы нені білдіргісі келгендігін айқындау – прагматикалық зерттеу болмақ. Осылайша, прагматика жекелеген сөздердің мәтін ішіндегі, мәтін аясындағы, мәнмәтіндегі қолданысын қарастыратын сала болмақ. Дж. Лич прагматиканы лингвистикалық тұрғыдан зерттейді.

Коммуниканттардың сөйлеу жағдаятындағы тіл қолданысындағы мәніне назар аудару арқылы зерттеуді қолдайды (Parret, 1974: 6-7).

Семантика мен прагматиканы бір-біріне салыстыра қолдану арқылы сөздердің функционалдық сипатын да ашуға болады. Бұл дегеніміз мәтін ішіндегі лексикалық бірліктердің қызметіне байланысты коммуникативтік сипаттың ашылуын көрсетеді. Осылайша сөз мағынасы жеке тұрғандағы мағынасынан таратыла келіп, мәтін ішіндегі прагматикалық қолданысынан сөз мағынасы одан әрі ширатылып, көбейетіндігін, тарамдалатынын байқаймыз.

Әлеуметтік бағалауыштық элементінің дамуына сөйлеушінің дүниәуи көзқарасы, идеологиялық ұстанымы өз ықпалын тигізетіндігі, бұларды бағалауыштық қасиетті қалыптастырушы факторлардың қатарына жатқызуга болатындығы жайлы газет лексикасы бағалауыштығының әлеуметтілігі жайын сөз еткенде Б. Момынова айтып кетеді. Ғалым «Бағалау кезінде объект түгелімен емес, субъектіге маңызды болып көрінген белгілі бір бөлігі, аспектісі ғана алынуы әбден мүмкін. Бұл бір объектінің әртүрлі бағалануына себеп болады» дейді (Момынова, 2003:132-135). Мәселен, дәл бүгінгі уақыттағы ковидке қарсы екпе туралы Ресейдің балалар гематологиясы, онкология және иммунологиясын зерттейтін Ұлттық медициналық орталығының президенті Александр Румянцев: «COVID-19-ға қарсы вакцина вирустың емі емес» деген баға берсе [<https://tengrinews.kz/medicine/virustyin-em-emes-galyimdar-koronaviruska-karsyi-vaktsina-408867/>], Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, сенаторлар кеңесінің мүшесі Жабал Ергалиев: «Коронавирусты ауыздықтаудың бірден бір жолы – вакцина» деп санайды [[https://www.coronavirus2020.kz/kz/zhabal-ergaliev-adam-balasyn-sheshkek-bezgek-siyakty-indetterden-aman-alyup-kalghan-vakcina\\_a3771550](https://www.coronavirus2020.kz/kz/zhabal-ergaliev-adam-balasyn-sheshkek-bezgek-siyakty-indetterden-aman-alyup-kalghan-vakcina_a3771550)]. Осы екі пікір бір объектіге екі субъектінің екі түрлі көзқарасын білдіріп, Б.Қ. Момынованың жоғарыдағы пікірін растай түседі.

Сонымен, қазақ тіліндегі мақтау-марапаттау тілдік бірліктерінің зерттелуі мен прагматикасы жайлы қысқаша осындай сипаттама жасадық. Әрі қарай бағалау тілдік бірліктерінің жіктемесіне тоқталайық. Жинаған мәліметтерімізге қарай, семантикалық аспектіні негізге ала отырып, бағалау тілдік бірліктерінің екі түрі айқындадық: а) жағымды мәндегі бағалау тілдік бірліктері, ә) жағымсыз мәндегі бағалау тілдік бірліктері. Мақтау және даттау тілдік бірліктері бір-бірімен оппозиция құрайды. Бірақ мақаламыздың негізгі

зерттеу нысанына сәйкес, жағымды мәндегі бағалау тілдік бірліктеріне мақтау-марапаттау тілдік бірліктерін жатқызамыз.

Қазақ тіліндегі марапаттау тілдік бірліктері қоғамда адам баласының ішкі жан-дүниесіне жылылық сыйлап, рухани өсуіне алып келеді. Марапаттау тілдік бірліктерінің түрлі жіктелімдерін ажыратып алуға болады. Мысалы: 1) Жас ерекшеліктеріне байланысты айтылатын бірліктер:

А) балаларға арналған марапаттау сөздер;

Ә) қызметкерлерге арналған марапаттау сөздер;

Б) ата-аналарға арналған марапаттау сөздер;

В) ата-әжелерге арналған мадақтау сөздер;

2) қоғамдағы әлеуметтік орнына байланысты айтылатын бірліктер (Тамаева, 2004). Біздің ұғымымызда, бірінші, қоғамдағы әлеуметтік орнына қарай айтылатын бағалау тілдік бірліктері деп бөліп алып, балаларға (ұлға, қызға ортақ немесе жекелей айтылатын тілдік бірліктер), жастарға, ата-аналарға, ата-әжелерге, қызметкерлерге (түрлі саласы бойынша орақ және жекелей айтылатын тілдік бірліктер) деп бөлу жөн сияқты.

Қазақ тілінде мақтау тілдік бірліктеріне жататын сөздер мен тілдік оралымдар өте көп. Себебі адамның бағалау мүмкіндігі шексіз десе де болады. Адамның өзіндік қасиеттері (ақылдылық, инабаттылық, сырт келбетінің әдемілігі, көзінің әдемілігі) туралы және оның иелігіндегі заттар туралы (машинасы, киімі, пәтері) немесе сол адам жасаған нәрселер жөнінде (жазған кітап, пісірген тамақ) айтылған сөйлемдерді мақтаулар деп есептеуге болады.

Мақтау нысаны да, мақтау сөз де коммуниканттардың арасындағы қарым-қатынас деңгейіне, жас және жыныс ерекшеліктеріне, ұлттық өзгешеліктеріне коммуникация уақытына, орнына тәуелді. Мәселен, кездесудің басында сөйлеуші, көбінесе, тыңдаушының бойындағы өзгерістерге, оның киіміне, шашына, сырт-келбетіне мақтау айтады. Бір үйге қонаққа барғанда, үй иесінің пәтерін мақтау, үстел басында ұсынған тамаққа мақтау айтады.

Мақтаулар әңгімелесудің басында көп кездеседі. Бұның себебі, біріншіден, адамды кездестіргенде оның бойынан көзге түсетін өзгерістерді (шашындағы, киіміндегі) өзгерістерді байқағанда немесе оның жаңа киіміне мақтау айтылады, екіншіден, мақтау сөздер әңгімені бастауға септігін тигізеді. Америкалық лингвист Эрвен Гофман мақтауларды сәлемдесумен ұштастырады (Алфоров, 2014: 64).

Әдетте мақтау айтушы мен тыңдаушы екі коммуникант арасында жүреді. Бұл жағдайда бағалаушы мен бағаланушы өзара коммуникацияға түседі. Сондай-ақ бағалаушы мен бағаланушы арасындағы виртуалды коммуникацияға үшінші адам тыңдаушы ретінде қатысады. Демек, мақтауды бағытталған нысанына қарай мынадай екі топқа бөліп қарастыруға болады: 1) тура мақтау, 2) жанама мақтау.

Тура мақтау дегеніміз – тыңдаушыға тура бағытталып айтылған мақтау. *Сіз сыпайысыз, қайырымдысыз. Сіздің романыңыз өте қызық екен.* Яғни айтар ойын тыңдаушының өзіне тікелей айта алуымен анықталады.

Жанама мақтаудың негізгі нысаны – тыңдаушы емес, оған жақын адам яғни үшінші тұлға. Мысалы, *Әй, нағыз азамат екен! Ол – жауырыны жерге тимеген балуан. Неткен жаужүрек десеңші! Өзі бірбеткей, батыл, бұлтақтатпай тіке сөйлейтін жақсы адам.* Байқап отырғанымыздай, мақтау адресатқа тікелей айтылып отырған жоқ, ортадағы делдел коммуникантқа үшінші тұлға жайлы айтып тұр. Мұндай бағалау жанама мақтау деп алады.

Мақтау сөздер сөйлеушінің әртүрлі эмоционалдық хал-күйін, сүйсінуін, ризашылығын, адресатқа жағымды көзқарасын көрсетеді:

Жарайсыңдар, қырандарым!

Пах, сабазым-ай!

Нағыз ержүрек екенсің!

Мақтаулардың тілде көрініс табу тәсіліне қарай, оларды екі топқа бөлуге болады:

1 Эксплицитті мақтау Эксплицитті (лат. тілінде *explicitus* айқын, түсінікті деген мағынада). Бұл туралы «имплициттілік түсінігіне қарсы қойылып, сыртқы материалдық тұрғыда ашық білдіру сипатына ие құрылым» деп түсініледі» деген пікір бар (Қорлау, 2013: 11).

2 Имплицитті мақтау. «Имплициттілік (ағылшын тілінде *implicit*) – астарлы, айтылмаған) объективті жағдаятқа субъекті қатынасы негізіндегі ойды беруде тиісті 13 тілдік элементтің орын алмағанымен, оның мәнісін басқа тілдік бірліктер қатынасында қамтып тұратын, сонымен бірге тілдік бірліктердің логика-ассоциациялық жүйесі қатынасында жеткізетін синтаксистік құрылым. Имплицитті берілетін ақпарат 1) ешбір тілдік бірлік арқылы ресімделмейді, бірақ ол сөйлемдегі сөздердің өзара байланысында немесе контекстегі сөйленістер я абзац құрайтын сөйлемдердің өзара логика-семантикалық байланысында анықталады» (Қорлау, 2013: 12).

Эксплицитті мақтау – астарсыз, айтар ойды дәл беретін сөйлеммен беріледі, сөйлемде

жағымды баға жасырын емес, анық, айқын көрініп тұрады: *Ол – жауырыны жерге тимеген балуан. Кейіпкердің кім екені нақты, айқын көрініп тұр.*

Имплицитті мақтауда жағымды баға астарлы түрде беріледі: *1. Әдемі қыздардың қасында тәбетіміз жоғалып кетті ғой. 2. Сіздің күйеуіңіз бақытты екен.*

Бұл екі мақтауда жағымды баға астарлы түрде берілген. Біріншісінде қыздардың әдемілігін мақтап отырса, екіншісінде «сіздей әйелі бар ер адам бақытты» деген ойды тұспалдап жеткізіп тұр.

Кейбір сөйлесу жағдаятында бұл екі мағына бір-біріне қарама-қарсы болуы мүмкін. Француз лингвисті К. Кербрат-Орекиони мақтаулардың бұндай түрлерін «Перфрид (алдамшы) деп атайды, себебі мақтау мазмұнына оған қарсы мағына жасырын тұрады: *сен бүгін жақсы тараныпсың»* (Бақытов, 2005: 85). Демек, мақтау прагматикасы әртүрлі болуы мүмкін.

Бұл мақтаудың объектісі – тыңдаушының сырт-келбеті, атап айтқанда, шашы. Бірақ осы мақтаудың бағалау мағынасында анти-мақтау жасырын тұр деп айтуға болады. Мұндағы анти-мақтау тыңдаушының бұрынғы шашына қатысты. Жоғарыда берілген мақтауды былай түсінуге болады: *Сен бүгін жақсы тараныпсың, басқа күндері таранбай жүретінсің.*

Сонымен қатар бұдан шығатын қорытынды кейбір мақтаулар бір-біріне мүлде қарама-қарсы мағынаны білдіреді.

Мақтау сөздер контекске байланысты мағынасы өзгеріп отырады, басқаша айтқанда, бір жағдайда мақтау мағынасын берген сөздер, сөйлемдер, сөз тіркестері екінші жағдайда кекету, анти-мақтау, ирония бола алады (The New American..., 1981). Әдетте, ирония дегенде сөздің немесе сөйлемнің тура мағынасы мен оның астарлы мазмұнының бір-біріне қарама-қарсы келуін айтады. Ирония, бір қарағанда, өз объектісін мақтап, бағалап тұрғандай әсер қалдырғанмен, астарлы мағынасына назар аударсақ, ол ауыспалы астарлы мазмұны арқылы объектісін түйрей шымшып, түкке алғысыз етіп кемітіп, кекетіп, тұрғандығын көруге болады. *1. Таң қалмаңыз. Бұл көмектің аты ел ішінде атаулы емес, атаусыз аталады. Жұртшылықпен жүздесу барысында Құлекеевтен бұрын ауылда кішігірім реформа жасаған адам Қарақұсова екенін жете сезіндік. Жұрттың да бұкісіге деген «ризашылығында» шек жоқ. 2. Әй, месқарын, сен осы мынау нарықтық заманда ерледің, ей! Талай аңқаудың ақишасын «қарыз» деп алып, қан*

*қақсатып, қайтармай қойдың. Ой, ерім-ай! 3. Дала қараңғы болғандықтан ба, тайқазандай төңкерілген қарнымның «сүйкімді образының» көлеңкесін терезеден көріп жатырмын.*

Бұл мысалдағы «сүйкімді образ» ешбір сүйкімділік танытып тұрған жоқ. Өйткені тайқазандай төңкерілген қарында сүйкімді образ болады деген ешкімнің ойына келе қоймайды. Қайта осы бір контекстегі сүйкімді образ деген ирониялық сөз тіркесі өзінің астарында тұрған сиықсыз да ұнамсыз суретті көзге елестетеді (Ахметов, 1995: 146-147).

Адам бойындағы оң-теріс жақтарын тағыда басқа кемшіліктерді бетке баса салмай, ирония арқылы жеткізу де ұтымдырақ. Ә.Қ. Ахметов атап көрсеткендей, «...айтысқа түскен ақындар үшін ирония – өте пәрменді құрал. Оның үстіне бадырайтып баса салғаннан гөрі, оны ирония арқылы мақтамен бауыздағандай етіп, мәдениетті түрде жеткізу жеңімпаз ақынның шеберлігін, ақыл-парасатының тереңдігін одан бетер айшықтай түседі әрі тыңдаушы жұрттың алдында да оның абырой-атағын өсіреді...» (Ахметов, 1995: 147).

Ғалым бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдеу үшін ақындар айтысынан, атап айтқанда, Біржан мен Сара айтысынан үзінді келтіреді:

Біржан:

Тез алдырт күйеуінді Сара саңлақ  
Көрейін күйеуінді тиген таңдап,  
Рас жаны ашыса Тұрысбектің  
Белгісі білінеді келсе, сонда-ақ.  
Шыбықтай жігіт шығар өңі тұрлы,  
Өнері өзі теңдес сегіз қырлы.  
Шеберден мін алатын мініскерсің  
Ер шығар тотықұстай неше түрлі.  
Жақсыны көрмек үшін деген Сара,  
Өзі түгіл елдің камын жеген Сара

Сара:

Сәлем де Жиенқұлға келсін жатпай,  
Келуге шошынады неден батпай.  
Әркімнің қолда бары өзіне алтын,  
Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай.  
Көрінсін Біржан салға ай секілді  
Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді.  
Ұсынса қол жетпейтін арғымағым  
Арғынға баламаймын тай секілді...  
...Асылым құдай берген өз бағыма,  
Теңелмес жеті Біржан тырнағына  
Найманда ол – дария саяткерім,  
Балық боп ілінемін қармағына.  
Көрінсін салтанатпен менің серім  
Сол еді құдай қосқан барар серім  
Кедейге қонақасы тай ап келсін  
Талабы Тәттімбеттей асыл серім.

Бұл үзінділер иронияға лықа толы. Сырттай қарағанда, Біржан да, Сара да Жиенқұлды жер-көкке сыйғызбай мадақтап, мақтап тұрғанға ұқсайды. Ал істің шындығына келгенде, бұл мақтау екі ақынға да ащы шындықты бүркемелеу немесе оның тігісін жатықтау етіп сездіру үшін қажет болып тұр. Болмаса, Жиенқұлда жоғарыда айтылған асқақ қасиеттердің бірі де жоқ екені, керісінше, оның қай жағынан болмасын, Біржанның тырнағына татымайтыны әрі Сараға да тең емес екені қос ақынға да, басқа жұртқа да белгілі жай.

Мақтау-марапаттау тілдік бірліктерінің функционалды стильдердегі көріністері. Мақтау-марапаттау тілдік бірліктері көркем әдебиет стилінде жазылған туындыларда көбірек кездеседі. С. Мәуленов өлеңдерінде кездесетін жартылай тұрақты теңеулер саны да біршама. Бұл теңеулерде образда ғана тұрақтылық қасиет сақталады және тұрақты образ арқылы теңеулік құрылымдағы белгіні тауып алуға болады.

Суы шырын балқайнар,  
Шапқылайды шат күліп.  
*Талабы* оның *таудай* бар,  
Кеудесінде тәтті үміт.  
(Таластың белі талмайды).

*Таудай* тұрақты образының белгісі – *биік*. Берілген жартылай тұрақты теңеудегі образ бен белгі – халық тілінде әбден қалыптасқан ұғымдардың бейнелі көрінісі. Ендеше, талаптың биік екендігін көрсету үшін, талапқа марапат ретінде таудай сөзі қолданылып тұр.

Тілімізде қалыптасқан фразеологизмдердің көпшілігін қазақ тілінің төл туындысы деуге болады. Себебі тұрақты теңеулер – халықтың образды ойлау нәтижесінде қалыптасқан тілдік бірліктері. Сондықтан тұрақты теңеулерді халықтың ұлттық-мәдени мазмұнын білдіретін тілдік таңбалар деуімізге болады. С. Мәуленов өлеңдеріндегі тұрақты теңеулер халықтың ұлттық болмысын, психологиясын, философиялық ойының мазмұндылығын дәйектеуімен құнды болып келген. Мысалы:

Шекарада сел қозғалса селт етпей,  
Айтқанын ит орындайтын екі етпей.  
*Есік пенен төрдей еді кеудесі*,  
Балтырлары болатын-ды кесектей.  
(Шекарашылардың иті туралы).

*Есік пен төрдей* – халықтық өлшемге байланысты туған тұрақты теңеу. Есік және төр лексемалары – көптеген фразеологизмдер мен

тұрақты теңеулердің құрамында келіп, мәдени семантикаға ұйытқы болған сөздер. Тіліміздегі есік пен төрге байланысты қалыптасқан тұрақты теңеулер халқымыздың дүниетанымын да айқындай түседі. Қуанышты мерекелер мен той-думандарда төр – құрметті, сыйлы адамдарға ұсынылатын орын. Төр – адамдардың қоғамда алар орнын, бет-беделін анықтайтын орын. Үйдің есігі мен төрінің арақашықтығының қаншалықты болатынын ескерсек, шекарадағы иттің де қандай екенін бағамдауға болады. Есік пен төрдей деген бағалау – образды бағалау. Образды мақтау батырдың ірілігін бейнелеп көрсетіп тұр, яғни көркемдегіш құралды гипер-болалап тұр десек те болады.

Аспанға сырлы жебедей  
*Шанышылып қалған көк таулар*.  
Толқынға батқан кемедей  
Бұлттарға батпай тоқтандар!  
(Бестау бауырында).

Көбіне өзінің алдына қойған негізгі мақсатына байланысты кейбір зат пен құбылысты дәріптеу, мақтау мақсатында және әдемі сурет жасау үшін қолданған. Ақынның танымында *тау* айрықша қасиетімен ерекшеленген, биік тау ұғымы біз көріп немесе естіп жүрген заңғар тау, зәулім тау емес, ол – *аспанға сырлы жебедей шанышылған тау*. Бұл – ақын қолданысында ғана кездесетін тың гиперболалық теңеу. Мұндай теңеулер ақынның ойлау жүйесінің шексіздігін, кеңдігін аңғартады. Гиперболалық теңеуге ұлттық мәні басым сөздер алынған. Ақын Қажымұқанның омырауын *далаға* теңеп, батырдың алып тұлғасының бейнелі суретін жасаған.

Ортада отырса оба ағашындай,  
Басқа жұрт бойы аласа баласындай.  
Қырық сегіз мемлекеттен медаль таққан  
*Өзінің омырауына даласындай*.  
(Қажымұқан).

Сөзіміздің басында баға сөйлеушінің жеке талғамын, пікірін білдіреді, ой-өрісін, дүниетанымын көрсетеді, сондықтан да баға адамның ойлауымен, ақыл-ойымен, психикасымен, талғамымен байланысты болады деген едік. Мақтау-марапаттау тілдік бірліктерінің табиғатын тануда когнитивтік бағыттың қызметі ерекше. Когнитивтік лингвистика – ғаламның тілдік бейнесінің концепциялары тұрғысынан тіл білімін жүйелеу мен құрудың құралы. Когнитивтік қызметтен тілдің танымдық, затдеректік (денотаттық), референ-

ция қызметтері бірге танылады деген шетелдік ғалымдар пікірі сөзіміздің дәлелі бола алады (Ayto, 1999).

**Ресми стильдегі мақтау-марапаттау тілдік бірліктері** көмектес септігінің *-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен* жалғауларымен келеді: *Құрмет грамотасымен марапатталады, Алғыс хатпен марапатталады, Мақтау қағазымен марапатталады*. Ресми стильде, негізінен, *марапатталады* сөзі көбірек қолданылады. Ал мақтау сөзі – марапатталады тілдік бірлігіне қарағанда қарапайым лексика сипатына ие.

Сонымен қатар *қатысқаны үшін \_\_\_\_\_ марапатталады, қосқан үлесі үшін \_\_\_\_\_ марапатталады, белсене атсалысқаны үшін \_\_\_\_\_ марапатталады; алғыс жарияланады* т.б. тілдік құрылымдар да кездеседі. Көмектес жалғаулы зат есім сөз іс-әрекеттің, қимылдың амалын, мақсатын, немен істелетінін білдіреді. Соңғы үш септік (жатыс, шығыс, көмектес) клише тұлғалар жасауда пассив грамматикалық рөл атқарады. Ресми-іскери стильдің өзі объективтілікпен тікелей байланыста болуымен іс-әрекеттің объектісін білдіретін барыс, табыс септіктерінің белсенділігі түсіндіріледі.

«Жауынгерлік қызметі үшін», «Әскери ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», 1-дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», 2-дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Қарулы күштер ардагері»; «ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты»; «Еңбек Қызыл Ту» ордені; «Құрмет белгісі» ордені деген арнайы ресми атақтар да арнайы зерттеуді қажет етіп тұрған ресми стильдегі мақтау-марапаттау тілдік бірліктері деуімізге негіз бар.

Функционалды бояуға ие тілдік құралдар да болады. Бірақ олардың ара-жігі экспрессивті бояуға қарағанда ондай айқын емес. Экспрессивті-эмоционалды бояу тілдік тұлғаның табиғи қасиеті болса, функционалды бояу тілдік тұлғаны қарым-қатынас жасаудың белгілі бір саласында көп қолданудан барып пайда болды. Соңғы жағдайда тілдік дәстүрдің де рөлі бар. Тілдің тұлға – бірліктерінің мағыналық-стилистикалық жағы мен оларды белгілі салада көбірек қолдану дәстүрі арасында қатаң тәуелділік бар. Белгілі салада тұрақты қолданудың нәтижесінде тілдік құралдың мағынасы белгілі стилистикалық мәнге, бояуға ие бола бастайды да, кейін тұрақты бекітіледі. Мысалы, ресми іскери стильде қалыптасатын штамптар (*«жоғары жетістікке жеттің, «қаулы қабылдады» т.б.*) осындай қолданыстың нәтижесі.

Сөйлеуші мен адресат арасындағы формалды емес қарым-қатынаста коммуникаивті мақтау

актісінің сәтті болуының басты шарты – адалдық, шынайылық болмақ (Longman, 1992).

**Мақтау-марапаттау тілдік бірліктерінің лексика-грамматикалық сипаты.** Қазақ тілінде баланың сырт келбетіне мақтау айту табу болып табылады, сонымен қатар қазақ тілінде мақтау сөздер ризашылық, тілек, кеңес беру сияқты қосымша қызметтер атқарады. Қазақтар балаға сұрақ қою арқылы тек сол бала туралы ғана емес, оның әкесі, шыққан тегі, қай жерде туылғандығы туралы мағлұматтар алады. Қарым-қатынас жасау барысында сөйлеуші барлық метакоммуникативтік тәсілдерді (дұрыс, жарайсың, жақсы т.б. сөздерді қолданады. Мұндай сөздер мақтау әрі мақұлдау болып келеді.

1. Қазақ тілінде мақтау, марапаттау сөздері *сын есімнен* жасалады. Бағалау сын есімдері зат есіммен тіркесе келе немесе зат есімге айналып, адам бойындағы жағымды немесе контекске қарай жағымсыз қасиеттерді бейнелейді. *тамаша адам. Тамашасың!*

2. Етістікке сөз тудырушы жұрнақтардың жалғану арқылы жасалады. *Жылтырау – жылтыр, ұнату – ұнамды, сүю – сүйкімді.*

3. Метафоралық тәсіл арқылы жасалады. Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру арқылы, жанастыру, жақындату негізінде астарлы тың мағынаны беретін сөз немесе сөз тіркесі. Метафорада екі нәрсенің арасындағы ұқсастықты, сезім, әсер жалғастығын тірек ету басым болады. *Бұл – нағыз арыстан!*

4. Метонимия арқылы жасалады, яғни бүтінді бөлшекпен, бөлшекті бүтінмен атау арқылы. *Бұл – үлкен ми. Ол – контейнер. Ол менің қолым ғой!*

Осы мысалдардағы мақтау сөздеріне ұйытқы, тірек болып тұрған сөздер адам мүшесін білдіріп тұрғанмен, контексте тың мағынаны иемденіп тұр.

5. Мақтаулардың жасалуында теңеулер кеңінен қолданылады. Мысалы, француз тілінде «түріктей мықты» деген теңеу бар екен.

6. Адамның бір нәрсе, құбылыс немесе басқа адам туралы пікірі, көзқарасы – сол нәрсеге, құбылысқа, адамға берген бағасы болып табылады. Бұндай пікірді, көзқарасты, бағаны кейбір етістіктер білдіреді: *жақсы көру, ұнату, бағалау.*

Кей етістіктердің көмегімен салыстырмалы баға беруге болады. *Артығырақ көру, ...қарағанда ...ұнату, мен ише қосылған тортқа қарағанда алма қосылған тортты ұнатамын.*

7. Пікірді, көзқарасты, бағалауды күшейте түсу үшін үстеулер немесе сын есімдер қолданылады.



Қазақ тілінде аңыз әңгімелердің, әдеби шығармалардың, фильмдердің жағымды кейіпкерлеріне теңеу арқылы жасалған мақтаулар жиі кездеседі: Атымтай жомарт! Бибігүл ғой! Желаяқ екенсің! Абай ғой мынау!

Қазақ тілінде мақтауларда қолданылатын тілдік құрылымдарды талдау семантика-синтаксистік үлгілері белгілі бір раймен шектелмегендігін көрсетті. Шартты, қалау, бұйрық райларды және хабарлы, сұраулы сөйлемдерді кездестіруге болады.

### Қорытынды

Қазақ тілінде мақтау-марапаттау тілдік бірліктерін семантикалық, синтаксистік, коммуникативтік аспектіден түрліше жіктеуге бо-

лады. Сонымен қатар зерттеуге негіз болып отырған сөздер белгілі бір тілдік формалармен берілгендіктен, грамматикалық сипаттары тұрғысынан сараланып, көрсетілді. Ең көп қатысатын зат есім, сын есім, етістіктер тобы екендігі анықталды. Белгілі бір функционалды стильдердегі мәтіндер құрамында жиі кездесетіндігі, соған сәйкес қолданылатын бағалау сөздері де образды, қарапайым, пафосты болып келетіні анықталды. Жалпы тіліміздегі бағалау тілдік бірліктерін, оның ішінде мақтау-марапаттау сөздерін жинақтап, оны қазақ дүниетанымы тұрғысынан, прагматикалық, семантикалық, лексикографиялық жағынан кешенді зерттеу қазақ тіл ғылымы мен оның антропоэкетілік бағыттағы зерттеулеріне қосар үлесі мол болар еді деп түйіндейміз.

### Әдебиеттер

- Алферов А.В. Интеракциональные аспекты языка и речи. – М., 2014. – 5 с.
- Арустамян Ж.Р. Имплицитность как интеракциональная категория и механизмы её реализации во французском языке // <http://cheloveknauka.com/implitsitnost-kak-interaktsionalnaya-kategoriya-i-mehanizmy-eyo-realizatsii-vo-frantsuzskom-yazyke#ixzz3dSFjQlqc>
- Арутюнова Н.Д. Типы значений. Оценка. Событие. Факт. – М., 1988. – 341 с.
- Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1966.
- Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995. – 155 б.
- Ауто J. Twentieth Century Words. – Oxford University Press, Oxford, 1999.
- Бакытов А.Т. Француз және қазақ тілдеріндегі бағалаушытық сөйлесімдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері. – Алматы, 2005. – 139 б.
- Bordas: Dictionnaire du francais vivant, 1976. – P. 261.
- Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы / Жауапты ред. Г.Х. Әженова. – Алматы: «Әділ сөз», 2013. – 152 б.
- Longman Dictionary of English Language and Culture. – Longman Group United Ltd, 1992.
- Leech G. Principles of Pragmatics. – Penguin Books, 1985.
- Момынова Б.Қ. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы, 2003. – 228 б.
- Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 216 б.
- Parret H. Discussing Language. – The Hague, 1974.
- Petit Larousse, 1965. – P. 234.
- Pozner R. Semantics and Pragmatics of Sentence Connectives in Natural Language // Speech Act Theory and Pragmatics. Dordrecht, 1980.
- Robert P. Dictionnaire alphabetique de la langue francaise, 1973. – P. 315-316.
- Тамасева Б.Г. Құрмет және оның паралингвистикалық белгілері // Тілтаным – Языкознание. А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты. – Алматы, 2004. – №4. 51-56 бб.
- Торговкина Т.А. Комплимент как этическая норма общения (риторический аспект) // Традиции и новаторство в гуманитарных исследованиях: Сб. науч. тр. посвящ. 50-летию ф-та иностр. яз. Мордов. гос. ун-та им. Н.П. Огарева / Ред. кол.: Ю. М. Трофимова (отв. ред.) и др. – Саранск: Изд-во Мордов. ун-та, 2002. – С. 99-101.
- Түсіпбекова Р.А. Қазіргі қазақ тіліндегі бағалау мағынасы және оның құрылымдық жүйесі. – Астана, 2007. – 210 б.
- The New American Webster Handy College Dictionary. – Albert and Loy Morehead, New York, 1981.

### References

- Arutyunova N.D. (1988) Value types. Assessment. Event. Fact. M., 1988, 341 p. (in Russian)
- Orazov M. (1991) Semantics of the Kazakh language. A., 1991, 216 p. (in Kazakh)
- Tusupbekova R.A. (2007) The meaning of assessment in the modern Kazakh language and its structural system. Astana, 2007, 210 p. (in Kazakh)
- Momynova B.K. (2003) Newspaper vocabulary (system and structure). A., 2003, 228 p. (in Kazakh)
- Tamaeva B.G. (2004) Respect and its paralinguistic features // Linguistics Yazykoznanie. A. Baitursynov Institute of Linguistics. Almaty, 2004. №4. Pp. 51-56. (in Kazakh)

- Alferov A.V. (2014) Interactional aspects of language and speech. M., 2014 .5 p. (in Russian)
- Arustamyan Zh.R. (2011) Implicitness as an interactive category and mechanisms of its implementation in French // <http://cheloveknauka.com/implitsitnost-kak-interaktsionalnaya-kategoriya-i-mehanizmy-eyo-realizatsii-vo-frantsuzskom-yazyke#ixzz3dSFjQlqc>
- Bakhytov A.T. (2005) National and cultural features of evaluative speech in French and Kazakh languages. – A., 2005, 139 p. (in Kazakh)
- Insults and slander: an expert's point of view. (2013) Responsible editor. G.H.Azhenova. – A. – 2013. –152 p.
- Akhmetov A. (1995) Findings and euphemisms in Turkic languages. A., 1995, 155 p. (in Kazakh)
- Bordas: (1976) Dictionnaire du francais vivant, 1976. P. 261. (in Francaise)
- Petit Larousse (1965), 1965. P. 234. (in Francaise)
- Robert P. (1973) Dictionnaire alphabetique de la langue francaise, 1973. P.315-316. (in Francaise)
- Torgovkina T.A. (2002) Kompliment kak eticheskaya norma obshenya ( ritoricheskii aspekt) // Traditsii I novatorstvo v gumanitarnykh issledovaniyakh: Saransk: Izd-vo Mordov. Un-ta, 2002. -S. 99-101. (in Russian)
- Leech G. (1985) Principles of Pragmatics. Penguin Books, 1985. (in English)
- Parret H. (1974) Discussing Language. – The Hague, 1974. (in English)
- Ahmanova O.S. (1966) Slovar lingvisticheskikh terminov. M., 1966. (in Russian)
- Pozner R. (1980) Semantics and Pragmatics of Sentence Connectives in Natural Language // Speech Act Theory and Pragmatics. Dordrecht, 1980. (in English)
- Longman (1992) Dictionary of English Language and Culture. Longman Group United Ltd, 1992. (in English)
- The New American Webster Handy College Dictionary (1981). Albert and Loy Morehead, New York, 1981. (in English)
- Ayto J. (1999) Twentieth Century Words. Oxford University Press, Oxford, 1999. (in English).